



Жалпағаш жаршысы



«zhalgash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

■ Президент

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

ЗАМАНАУИ КӨЛІК ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ — СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Президент «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдары құрылысының басталуына арналған телекөпірде сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, бүгін еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.

– Жол – тіршіліктің құрғатамыры. Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршаңызға белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыс пен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданып жүкпен жүретін Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Жалпы елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр. Былтыр «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бұл жұмыстың бәрі Қазақстанның көлік-логистика саласындағы әлеуеті зор екенін көрсетеді.

– Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Биыл «Мойынты – Қызылжар» және «Дарбаза – Мақтаарал», ал келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек біз автокөлік саласына ерекше назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тас жолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық



жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Қарағанды – Алматы», «Орталық – Оңтүстік», «Атырау – Астрахан», «Талдықорған – Өскемен», «Қалбатау – Майқапшағай» бағытындағы жолдар – соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты. Былтыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жаңартылады. Мұндай ауқымды жұмыс Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті.

– Жақында Сарыағаш айналма жолының құрылысы мен «Жезқазған – Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан

үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу – Сексеуіл» бағытында 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолдың құрылысы басталғанына тоқталып, бұл бағдарды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

– Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауатты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрылықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент жалпы ұзақтығы 774 шақырымды құрайтын «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» жолдарын кеңейту, түбегейлі жаңғырту жұмыстары басталғанын мәлімдеді.

– Бұл жолдардың құрылысымен отандық компаниялар айналысады. Құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жолдар толық салынып біткен соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетеді. Бұл жобалар ел экономикасын өркендетуге, туризмді дамытуға тың серпін беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізері сөзсіз. Осындай жобалардың әрқайсысы тұтас Қазақстанның көлік жүйесімен үйлеседі. Бұған дейін негізінен солтүстіктен оңтүстікке тартылған көлік желілері енді шығыстан батысқа қарай бағытталған жаңа тармақтармен кеңейіп жатыр. Басты мақсат – елімізді Еуропа мен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру. Қазақстандағы автокөлік тасымалы саласы табысы жағынан теміржол көлігімен теңесті. Сондықтан жолдың құрылысын жүргізумен бірге заманауи цифрлық экожүйе құру маңызды міндет саналады. Жергілікті автоөндірісті тарта отырып, отандық тасымалдаушыларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау әлеуетті еселейді. Мұның бәрі Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Арал маңындағы иен даламен тартылып жатқан жолдар бұған дейін түйік нүкте саналып келген бағыттарды Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бүгін бастау алып жатқан жұмысты уақытылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел болып, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Баршаңызға амандық, сәттілік және табыс тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Бұдан бөлек Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, Президентке өңір тұрғындарының ризашылығын жеткізді.

Akorda.kz

■ Әлем жаңалықтары



ОПЕК+ КЕЛІСІМІ АЯСЫНДА ӘЛЕМДІК МҰНАЙ БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕДІ

Әлемдік биржалардағы сауда қорытындысы бойынша WTI маркалы мұнайдың құны 5,95 пайызға арзандап, барреліне 79,63 долларды құрады. Ал Brent маркалы мұнай 5,20 пайызға төмендеп, баррелі 83,36 долларға бағаланды. Сонымен қатар Urals маркалы мұнайдың бағасы салыстырмалы түрде аз өзгеріп, 0,97 пайызға төмендеп, барреліне 84,56 доллар болды.

Бағаны өзгертуіне ОПЕК+ елдерінің мұнай өндіру көлемін ұлғайту туралы шешімі әсер етіп отыр. Альянсқа мүше жеті мемлекет, оның ішінде Қазақстан, Сауд Арабиясы және Ресей 2026 жылдың қыркүйегінен бастап тәулігіне мұнай өндірісін 188 мың баррельге арттыруға келісті. Бұл шешім әлемдік мұнай нарығындағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған.

Сарапшылардың айтуынша, мұнай нарығына геосаяси факторлар да ықпал етіп отыр. Бұған дейін АҚШ Президенті Дональд Трамп 3 тамызда Тегеранмен Ормуз бұғазындағы кеме қатынасы мен Иранның ядролық бағдарламасына қатысты келіссөздер болатынын мәлімдеген еді.

«ЖОЖ» ақпарат

■ Сапар

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ, ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары:

БАРЛЫҚ ЖОБА САПАЛЫ ӘРІ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАЛУЫ КЕРЕК

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмасымен Қызылорда облысына жұмыс сапармен келді. Нұрлыбек Нәлібаев алдымен Президент саябағы аумағында бой көтерген тоғыз қабатты 15 тұрғын үйдің құрылыс барысымен танысты.

Жалпы құны 22 млрд теңге болатын жоба республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған. Бас мердігер «Мелиоратор» серіктестігі 8,2 гектар аумаққа заманауи үлгідегі 15 тұрғын үй кешенін салды. Жоба бойынша 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі. Кешен қазан айында табысталады.

Бұдан кейін Нұрлыбек Машбекұлы облыс орталығында жалпы құны 20 млрд 61 млн теңгеге салынып жатқан «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылысын көрді. Жалпы аумағы 26 мың шаршы метр болатын кешен құрылысы 2025 жылы шілдеде басталған болатын. Мұнда 50 метрлік жүзу бассейні, халықаралық додаларды өткізуге арналған 2 500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған.

Қазір мұнда әрлеу, металл конструкцияларын орнату, терезелер мен витраждарды монтаждау, инженерлік және электр желілерін жүргізу, сондай-ақ аумақты абаттандыру жұмыстары қарқын алған. Ғимараттың қасбеті заманауи сәулет үлгісімен безендіріліп, витражы берік шығымен қапталады. Кешен пайдалануға берілгеннен кейін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге толық бейімделеді. Нысанды биыл пайдалануға беру жоспарланған. Құрылыс барысымен танысқан Премьер-министрдің бірінші орынбасары жауапты сала мамандарына барлық жұмысты сапалы атқарып, белгіленген мерзімде аяқтауды, құрылыс сапасын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Мұнан кейін Нұрлыбек Нәлібаев Президент саябағы аумағында салынып жатқан еліміздегі



үшінші Президенттік кітапхана мен драма театр құрылысын көріп шықты. Бұған дейін Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана мен жаңа драма театр салуды тапсырған болатын. Осы тапсырмаға сәйкес сәуір айында екі нысанның іргетасы қаланды.

Кітапхана құрылысына инвестор қаражаты есебінен 20 млрд теңге бөлінген. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр ғимаратта электронды оқу, конференция залдары, архив, баспахана, бағдарламалау және жасанды интеллектті дамыту медиазертханасы, подкаст студиясы, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімдері болады. Мұнда бір миллионнан астам кітап қорын сақтауға мүмкіндік бар. Жаңа нысан өңірдегі кітапхана инфрақұрылымын дамытып, ақпараттық-мәдени ортаны нығайтады.

Жаңа драма театрдың жалпы аумағы 4 мың шаршы метрден асады, 520 көрерменге арналған. Онда репетициялық залдар, студия және шығармашылық кеңістіктер, әкімшілік кабинеттер орналасады. Сондай-ақ заманауи сахналық техника, қуатты дыбыс жүйесі және соңғы үлгідегі жабдықтар

түрлі жанрдағы қойылымдарды жоғары деңгейде сахналауға мүмкіндік береді. Екі нысанның құрылыс барысымен танысқан Премьер-министрдің бірінші орынбасары жауапты сала басшыларына ғимараттардың сапалы әрі заманауи үлгіге сай болуын жіті қадағалауды тапсырды.

Сырдария өзені жағалауындағы қорғаныс бөтетінің құрылысы да қарқын алған. Ұзындығы 3 шақырым аумақтың екі шақырымына геобекітіш тор төселіп, таспен толтырылады. Қалған бөлігінде еңісті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жағалауды шайылудан қорғайтын арнайы тірек құрылымдары орнатылуда. Тұрғындарға қауіпсіз әрі қолайлы болу үшін жаяу жүргіншілер жолы мен веложолға салынады. Бүгінде жұмыстың 50 пайызы аяқталған.

Бұдан кейін Нұрлыбек Машбекұлына алдағы уақытта өңірде жүзеге асатын жаңа инвестициялық жобалар таныстырылды. Олар – сол жағалауда салынатын тұрғын үй кешені, желдету және ауа баптау қондырғыларын құрастыру, санитарлық-техникалық бұйымдар құрастыру және өндіру жобалары, томат пастасы мен көкөніс пюре өндірісі,

сұйытталған табиғи газ өндіру, екі қорғасын-мырыш тау-кен байыту зауыты, көпфункционалды сауда-ойын-сауық кешені.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Қызылорда облысына жұмыс сапарында Мемлекет басшысының қолдауымен ашылған Ботаникалық бақ пен «Ai-Kerim» оқу-сауықтыру орталығына да барды. Президент саябағы аумағындағы бұл нысандар аймақты Нұрлыбек Машбекұлы басқарған кезде салынған. Құрылысына 4,9 млрд теңге бөлінген Ботаникалық бақ жобасының бас мердігері – «Alem Qurlyys AQ» ЖШС.

Экологиялық мәдениет пен туризмді дамытуға бағытталған заманауи көпфункционалды кешенде бірнеше мемлекеттен арнайы әкелінген экзотикалық және тропикалық өсімдіктер бар. Атап айтқанда, Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америка, Австралия, Мадагаскар сияқты елдерде өсетін 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік егілген. Жасыл желекке қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқарудың, суару және су дайындаудың заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Аймақта Президент қолдауымен халық игілігіне табысталған тағы бір нысан – жыл бойы қызмет көрсететін «Ai-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы. Құрылысына 10 млрд теңге бөлінген 300 орындық тынығу лагерінің материалдық-техникалық базасы әлемдік озық стандарттарға толық сәйкес келеді. Орталық аумағында әкімшілік ғимарат, ауқымды іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 жайлы жатақхана және қонақүй үлгісіндегі ғимарат бар. Сонымен қатар балалар демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында барлық қажетті инфрақұрылым мен заманауи жабдықтар орнатылып, демалыс аймақтары жасакталған. Аумағы толық абаттандырылып, көгалдандырылған. Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация спорт залы, бассейнді, кітапхананы, инклюзия, робототехника, 3D графика, ғарыш инженериясы, өнер, ғарыш және радио байланыс, астрономия, әуе және ұшықшы, биология кабинеттерін, лагерь ауласындағы амфитеатр, киіз үй және жатақхананы аралады.

Мұнан кейін ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Қызылорда қаласындағы медициналық нысандардың құрылыс барысымен танысты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

2 шипа

Сақтансақ, сақтайды

ДЕРТТІҢ АЛДЫН АЛУДА

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ МАҢЫЗДЫ

Жаз келсе, ауылдың да ажары кіріп, тіршілік қыза түседі. Балалар таңнан кешке дейін далада ойнайды. Жұрт табиғат аясына шығып, дастарқанын жаяды. Базар мен дүкен сөрелерінде жеміс-жидек көбейеді. Жаздың өз қызығы бар. Бірақ күннің қызуымен бірге көзге көрінбейтін қауіп те қатар жүреді. Мамандар мұны кездейсоқ құбылыс демейді. Ауа температурасы 25-30 градусқа көтерілген кезде көптеген ауру қоздырғыш микроағзалар бірнеше есе жылдам көбейеді. Сондықтан дәл осы мезгілде тағамның тазалығына, судың сапасына, жеке бас гигиенасына айрықша көңіл бөлінеді. Осы орайда аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Гүлжазира Саттарқызымен сұхбаттасып, Жалағаш ауданындағы алғашқы жартыжылдықтағы эпидемиологиялық ахуалға назар аудардық. Оның айтуынша, сақтықты күнделікті әдетке айналдырсақ, жұқпалы аурулардың алдын алуға жол ашылады.

Қуантарлығы, биыл І жартыжылдықта аудан көлемінде тағамнан улану жағдайы тіркелмеген. Өткен жылдың осы кезеңінде де мұндай жағдай болмапты. Мұның өзі тұрғындардың тағам қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарай бастағанын аңғартады. Дегенмен жаздың аптабында бір сәттік бейқамдықтың өзі денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін. Өйткені бөлме температурасында ұзақ тұрған сүт өнімдері, ет тағамдары, дайын салаттар мен кремді тәттілерде бактериялар өте қысқа уақыт ішінде көбейіп үлгереді. Сондықтан дәрігерлер тез бұзылатын тағамдарды салқын жерде сақтау, жарамдылық мерзіміне мән беру және көшеден сатып алған тағамдарды абайлап тұтыну қажеттігін ескертеді.

Жаз айларында ерекше назар аударатын тағы бір мәселе – жіті ішек инфекциялары. Аудан бойынша биыл алғашқы алты айда жіті ішек инфекциясының 5 жағдайы тіркеліп, аурушандық көрсеткіші 100 мың халыққа



шаққанда 14,8 болды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 2 есе өскен. Себебі ішек инфекциясы көбіне көзге байқалмайтын қарапайым себептерден басталады. Қайнатылмаған су, жуылмаған жеміс-жидек, лас қол, дұрыс сақталмаған тағам. Осындай ұсақ көрінетін немқұрайлылық ақыры аурухана табалдырығына әкелуі мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, ішек инфекцияларының басым бөлігінің қарапайым тазалық ережелерін сақтау арқылы алдын алуға болады.

Тіркелген жағдайларға зер салсақ, аурудың негізгі салмағы балаларға түсіп отыр. Науқастардың 77,2 пайызы – 14 жасқа дейінгі бала, оның ішінде 57,2 пайызы – екі жасқа дейінгі сәби. Әлеуметтік құрамында 57,6 пайызын ұйымдаспаған топтағы балалар құраса, 9,9 пайызы балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары арасында тіркелген.

Мұның өзіндік себебі де бар. Ерте жастағы балалардың иммундық жүйесі әлі толық қалыптаса қоймайды. Олар айналасындағы дүниені ұстап көріп, қолын аузына салуға бейім келеді. Жазғы демалыс кезінде бұл әдет бұрынғыдан да жиілейді. Сондықтан баланың қолын сабынмен жиі жуу, тек қайнатылған немесе қауіпсіз ауызсу беру, жеміс пен көкөністі мұқият шаю, дайын тағамды ұзақ уақыт дала қалдырмау – қарапайым көрінгенімен, денсаулықты сақтайтын ең сенімді амалдың бірі.

Жазғы маусымда сақтықты талап ететін қауіп мұнымен аяқталмайды. Күн қызған сайын табиғатта жәндіктер де белсенді бола бастайды. Соның ішінде кене шаққан жағдайлар жыл сайын дәрігерлердің жіті бақылауында болады.

Жаздың көркіне қызыққан жұрттың көбі табиғат аясына бет алады. Мал соңында жүргендер де, егін басындағы еңбек адамдары да, балалар да күннің ұзақ бөлігін сыртта өткізеді. Осындай шақта көзге байқалмайтын тағы бір қауіп белен алады. Ол – кене. Спикердің айтуынша, кенелердің белсенді кезеңі көктемнің соңынан басталып, шілде-тамыз айларына дейін жалғасады. Әсіресе күн жылынып, ауа температурасы 20-25 градус шамасына жеткен кезде олардың белсенділігі артады. Сондықтан табиғатқа шыққанда сақтықты ұмытпау – өз денсаулығына деген жауапкершілік.

Ауданда биыл алты айда кене шағудың 40 жағдайы тіркелді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 28 жағдайға төмендеген. Бұл профилактикалық жұмыстардың нәтижесін аңғартқанымен, қауіп толық сейілді деуге болмайды. Кене шағуына байланысты медициналық көмекке жүгінгендердің барлығы 14 күндік медициналық бақылауға алынады. Мұндай бақылау бекер жүргізілмейді. Өйткені кене арқылы адам өміріне қауіп төндіретін Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы секілді аса қауіпті жұқпалы аурулар таралуы әбден мүмкін.

Жаздың шуақты күндері балаларды аулаға, су жағасына, спорт алаңдарына жетелейді. Қимыл-қозғалыс көбейіп, демалыс қызығына берілетін осы мезгілде тері ауруларының да жиі кездесетіні байқалады. Мамандар мұны аптап ыстықпен, тершеңдіктің артуымен, жеке бас тазалығына жеткілікті көңіл бөлінбеуімен байланыстырады. Әсіресе ортақ сүлгіні, аяқ киімді немесе тарақты пайдалану терінің жұқпалы ауруларының таралуына себеп болады. Аудан бойынша

алғашқы жартыжылдық көрсеткішке сүйенсек, дерматомикоздың 6 жағдайы тіркелді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10 жағдайға төмен. Былтыр дәл осы мерзімде 16 жағдай анықталған болатын. Санның азаяуы профилактикалық жұмыстардың нәтижесін көрсеткенімен, тіркелген жағдайлардың түгелге жуығы балалар арасында анықталуы әлі де алаңдаушылық туғызады.

Науқастардың 83,3 пайызы 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде. Оның ішінде аурушандықтың ең жоғары көрсеткіші 3 пен 14 жас аралығындағылар арасында байқалып, тіркелген жағдайлардың барлығы осы жас тобынан анықталған. Жас ерекшелігіне қарай талдағанда 83,33 пайызы мектеп оқушылары, 16,66 пайызы балабақша тәрбиеленушілері екені белгілі болды. Маусымдық демалыс кезінде балалар спорт алаңдарын, ойын алаңдарын, бассейндерді жиі пайдаланады. Терлеген дене дер кезінде жуылмаса немесе ортақ тұрмыстық заттар қолданылса, саңырауқұлақ инфекциясының жұғу қаупі артады. Сондықтан әр баланың жеке сүлгісі, жеке тарағы, жеке аяқ киімі болғаны жөн. Бұл қарапайым тәртіп болып көрінгенімен, талай аурудың алдын алады.

Тері ауруларының қатарында қышыма да кездесіп отыр. Есепті мерзімде аудан бойынша 4 жағдай тіркеліп, аурушандық көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда 11,314 болды. Оның 2 жағдайы 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 1 жағдайға жоғарылаған. Жүргізілген талдау барлық жағдайдың тұрғындар медициналық ұйымаға қаралған кезде анықталғанын көрсетті.

Қышыма көбіне бір үйде немесе ұжым ішінде тұрмыстық байланыс арқылы тарайды. Сондықтан оның алдын алуда киім-кешек пен төсек-орынның тазалығы, жеке пайдаланатын заттарды ортақ қолданбау, денедегі қышыну белгілерін елеусіз қалдырмай, уақытылы дәрігерге қаралу ерекше маңызға ие.

Гүлжазира Саттарқызының айтуынша, жұқпалы аурулардың көпшілігі аяқастынан пайда болмайды. Оған көбіне адамның өз салғырттығы жол ашады. Таза су ішу, қолды сабындап жуу, тағамды дұрыс сақтау, балалардың тазалығына күн сайын көңіл бөлу, табиғатқа шыққанда сақтық шараларын сақтау секілді қарапайым қағидалар көптеген аурудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Халқымыз «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Бұл – өмірдің өзінен туған тұжырым. Дәрігердің есігін қақпас бұрын әркім өз шаңырағында тазалықты сақтап, денсаулыққа жауапкершілікпен қараса, талай дерттің жолына тосқауыл болар еді. Жаздың қызығы деннің саулығымен ғана мәнді. Сондықтан әр күннің шуағын алаңсыз қарсы алу үшін қарапайым сақтық шараларын күнделікті өмір салтына айналдырған абзал.

Гүлжан ЕСЖАН

Маман мерейі



АНТЫНА АДАЛ АБЗАЛ ЖАН

«Еңбек – елдің ырысы, ердің намысы» дейді қазақ халқы. Адал еңбек ешқашан елеусіз қалмайды. Әсіресе адам өмірі мен денсаулығына жауапты медицина қызметкерлерінің еңбегі құрметке де, қошеметке де лайық. Олар мереке мен демалысқа қарамай, күн-түн демей халық саулығы үшін қызмет етеді. Науқастың жанарына үміт ұялатып, жүрегіне сенім сыйлайтын ақхалатты абзал жандардың еңбегі шынайы өрлікпен пара-пар. Осындай мамандығын маңдай терімен абыройға айналдырған жанның бірі – Құралай Рашидқызы.

Құралай Рашидқызы 1983 жылы 15 сәуірде Жалағаш ауданында дүниеге келген. Балалық шағы туған жердің қасиетті топырағында өтіп, аудан орталығындағы №202 орта мектептен білім алды. Мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ денсаулық сақтау саласында еңбек етуді армандаған ол жүрек қалауымен медицина саласын таңдады.

Ол 2000 жылы Қызылорда қаласындағы медициналық колледжге оқуға түсіп, «медбике» мамандығын игерген. Бұл – жай ғана кәсіп емес, үлкен жауапкершілікті, тәзімділікті, жанашырлықты талап ететін мамандық. Жас маман осы қасиеттерді бойына сіңіріп, алған білімін туған елінің игілігіне жұмсауды мақсат етті.

Кейіпкеріміз 2004 жылы оқуын аяқтаған соң Жалағаш ауданына оралып, жұқпалы аурулар ауруханасының зертханасында өтіп, лаборант болып жұмысқа орналасты. Зертхана – диагноздың дәл қойылуына негіз болатын маңызды бөлім. Сондықтан бұл қызметті ұқыптылықты, жауапкершілікті және кәсіби дәлдікті талап етеді. Құралай Рашидқызы осы міндеттің үдесінен абыроймен шығып, әріптестерінің сеніміне ие болды.

Кейін денсаулық сақтау жүйесіндегі өзгерістерге байланысты аталған мекеме жазылып, білікті маман еңбек жолын аудандық ауруханада жалғастырды. 2018 жылдан бері ол терапия бөлімінде кезекші медбике болып қызмет атқарып келеді.

Кезекші медбике – науқастың жанынан ең жиі табылатын жан. Оның әрбір қимылы, әрбір сөзі, қамқорлығы адамның өміріне әсер етеді. Түн тыныштығын төрт бөліп, кезекшілікте жүріп талай жанның дертіне дауа, көңіліне медеу болып келеді. Науқастың жай-күйін жіті бақылап, дәрігердің тапсырмасын уақытылы орындау, шуғыл жағдайда сабыр сақтап, жылдам шешім қабылдау – оның күнделікті еңбегінің ажырамас бөлігі.

Медицина саласында еңбек ету – тек мамандық емес, жүректің таңдауы. Ақ халат киген әрбір жанның бойында мейірім мен жанашырлық қатар жүруі керек. Құралай Рашидқызы – осы қасиеттерді өз еңбегімен дәлелдеп келе жатқан маман. Ол үшін әрбір науқас – аманат, әрбір сауығып шыққан жан – еңбегінің ең үлкен марапаты.

Бүгінде оның медицина саласында үздіксіз еңбек етіп келе жатқанына 22 жыл болды. Осынша уақыт ішінде ол талай адамға медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, үміт пен сенім сыйлады. Әріптестері оны жауапкершілігі жоғары, ісіне ұқыпты, қарапайым да кішіпейіл маман ретінде құрметтейді.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық даналығы Құралай Рашидқызының өмірлік ұстанымындай. Ол атақ үшін емес, адамның денсаулығы үшін еңбек етіп келеді. Өз ісіне деген адалдығы мен кәсіби шеберлігі оны әріптестері арасында сыйлы, халық арасында қадірлі етті.

Адам өмірін сақтаудан асқан сауап жоқ. Денсаулық сақтау саласының тыныс-тіршілігі осындай қарапайым еңбек адамдарымен өлшенеді. Олар күн сайын көзге көрінбейтін, бірақ ел үшін аса маңызды қызмет атқарып жүр.

Құралай Рашидқызының ұзақ жылғы адал еңбегі – жастарға өнеге, әріптестеріне үлгі. Оның еңбек жолы – кәсібіне деген сүйіспеншіліктің, жауапкершіліктің және адамгершіліктің жарқын көрінісі. Осындай еңбек адамдарының ғириятты жұмыры кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болмақ.

Ләззат ӘЛІМ

Бөлімдегі бір күн

Терапия – адам ағзасын тұтас зерделейтін, аурудың себеп-салдарын терең саралайтын маңызды сала. Сондықтан бұл бөлімнің әр есігі үмітпен ашылып, ем-дом кәсіби білім мен жанашырлыққа сүйеніп жүргізіледі. Науқастың сауығу жолындағы әрбір оң өзгерісі – ақхалаттылардың күнделікті еңбегінің жемісі.

Денсаулық сақтау жүйесінің тірегі саналатын терапия бөлімінің тыныс-тіршілігі сырт көзге қалыпты көрінгенімен, оның ар жағында ұйқысыз түндер, шуғыл шешімдер, дәл диагноз және адам өміріне деген адалдық жатыр. Бұл – ем ғана емес, үміт сыйлайтын бөлім.

Бүгінде терапия бөлімшесінде жалпы 35 тексер орын бар. Оның ішінде терапияға 13, неврологияға 12, кардиологияға 5, ревматологияға 3, паллиативтік көмекке 7 төсек қарастырылған. Сонымен қатар бөлімше жанынан 10 төсек орын күндізгі стационар халыққа медициналық қызмет көрсетіп келеді.

Бөлімшенің жұмысына тәжірибелі мамандар жұмылдырылған. Қазіргі таңда мұнда 2 терапевт дәрігер, 1 невропатолог және 13 мейіргер, 11 кіші аяжан еңбек етеді. Олар әрбір науқастың жағдайына жіті көңіл бөліп, сапалы әрі уақытылы медициналық көмек көрсету жолында кәсіби міндетін абыроймен атқарып келеді.

Бөлім меңгерушісі Азизбек Смағұлұлының айтуынша, жаз айларында әсіресе қан қысымының жоғарылауы, жүрек-қан тамырлары ауруларының асқынуы, жүрек ырғағының бұзылыстары және ағзаның суыздануына байланысты жағдайлармен келетін науқастар жиілейді. Ал жалпы соңғы бір айдың қорытындысы бойынша бөлімшеде 165 науқас ем қабылдаған.

Терапия бөлімінде ем қабылдап жатқан Берікбол Ешімов жүрекшелер фибрилляциясы, артериялық гипертензияның ІІІ дәрежесі, қауіптің ІV дәрежесі диагноздарымен ауруханаға түскен. Оның айтуынша, дәрігерлер дер кезінде қажетті ем жүргізіп, нәтижесінде қазіргі таңда денсаулығында оң өзгерістер байқалған.

– Ауруханаға түскен кездегі жағдайыммен салыстырғанда қазір әлдеқайда жақсымын. Жүрегімнің қағысы қалықа келе баста-

ТЕРАПИЯДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК

Адам өмірінде кейде ең үлкен үміт ақхалатты жанның жылы сөзінен басталады. Ауру меңдеп, бойды әлсіздік билеген сәтте дәрі-дәрмектен бұрын сенім іздейсің. Сол сенімнің алғашқы мекенінің бірі – терапия бөлімі. Мұнда әр күн жүздеген тағдырмен тоғысады. Бірі сырқатына шипа іздеп келеді, бірі денсауылғып, отбасына аман оралуы армандайды. Ал дәрігерлер мен мейіргерлер үшін бұл – жай ғана жұмыс орны емес, адам өмірі үшін жауапкершілік арқаланған қасиетті орта. Аудандық ауруханадағы жауапкершілігі мол бөлімнің бүгінгі тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысып, атқарылып жатқан жұмыстар, көрсетілетін медициналық қызмет пен ұжымның күнделікті еңбегі туралы білу мақсатында терапия бөліміне арнайы барып, бөлім меңгерушісімен өңгімелескен едік.

ды, өзімді жеңіл сезінемін. Дәрігерлер мен мейіргерлердің ем-домы мен қамқорлығына ризамын. Әр науқасқа ерекше көңіл бөліп, жылы қарым-қатынас танытады, – дейді науқас.

Бөлімше меңгерушісі Азизбек Смағұлұлының айтуынша, жүрекшелердің фибрилляциясы – жүрек ырғағының бұзылуы. Бұл кезде жүрек ретсіз әрі жиі соғады. Аурудың негізгі белгілері – жүрек қағысының жиілеуі, енгіту, әлсіздік, бас айналу және тез шаршау. Емі науқастың жағдайына байланысты жүргізіледі. Негізгі мақсат – жүрек соғу жиілігін қалықа келтіру, қажет болған жағдайда жүрек ырғағын қалпына келтіру және қан ұюының алдын алу. Ол үшін дәрі-дәрмекпен емдеу қолданылады, ал кейбір науқастарға электрлік кардиоверсия

немесе катетерлік абляция сияқты арнайы ем тәсілдері ұсынылады екен.

Адам өміріндегі ең қымбат құндылық – денсаулық. Ал сол аманатқа араша болу – үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін мамандық. Терапия бөлімінде еңбек ететін дәрігерлер мен мейіргерлер күн сайын осы жауапкершілікті абыроймен арқап келеді. Аурудың бетін қайтарып, науқастың жағдайын жақсарту бір ғана дәрімен шектелмейді. Оның негізінде дәрігердің білімі, тәжірибесі, мейірімі мен науқасқа деген жанашыр көзқарасы жатыр. Сондықтан терапия бөліміндегі әр күн – уақытпен жарыс, әр шешім – адам өміріне деген жауапкершілік.

Бүгінде бөлім ұжымы тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетіп, заманауи емдеу тәсілдерін тиімді қолдана отырып, халық



денсаулығын нығайту жолында аянбай еңбек етіп келеді. Жыл сайын ем қабылдаушылар санының артуы да тұрғындардың медицина қызметкерлеріне деген сенімі мен бөлім жұмысының маңызын айқын көрсетеді.

Денсаулық – зор байлық. Терапия бөлімінің ақхалатты мамандары осы байлықты сақтап қалу жолында әр күнін, әр сәтін адам өміріне арнап келеді. Науқастың сауығып, жақындарының ортасына аман оралуы – олардың еңбегінің ең үлкен бағасы. Сондықтан терапия бөліміндегі тынымсыз еңбек ешқашан өлшеммен бағаланбайды. Ол – кәсібилік пен мейірімнің, адамгершілік пен жауапкершіліктің тоғысқан тұсы.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Форум

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

«Отан отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Бұл – газырлар сүзгісінен өтіп, ұлттың өмірлік ұстанымына айналған тағылымды қағида. Расында адамның алғашқы тәрбиесі де, бойына сіңетін ізгі қасиеттері де, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігі де ең алдымен отбасында қалыптасады. Шанырақтағы сыйластық, қоғамдағы татулық, ата-ана өнегесі, ұлт тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарға адалдық – мемлекеттің баянды болашағының кепілі. Сондықтан отбасы институтын нығайту, ұлттық болмысты сақтау, ұрпақ тәрбиесіне жанаша серіп беру – бүгінгі қоғам алдындағы ең маңызды міндет.

Осы маңызды міндетті жүзеге асыру мақсатында Еңбек ауылында «Отбасылық құндылықтар – ұлт болашағының негізі» атты облыстық форум ұйымдастырылып, ұлттық тәрбиені ұлықтаған тағылымды басқосуға айналды. Форумға облыстан арнайы келген құрметті қоңақтар, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік мекеме басшылары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, ардагерлер, ақсақалдар, аналар кеңесінің мүшелері, ұстаздар, жастар мен ауыл тұрғындары қатысып, отбасы тәрбиесі төңірегінде кеңінен пікір алмасты.

Тағылымды жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ашып, форумның мәні-маңызына кеңінен тоқталды.

– Ұлттың болашағы экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбейді. Оның ең басты өлшемі – тәрбиелі ұрпақ. Ал тәрбиесі ұрпақтың бастауы – отбасы. Бүгінгі таңда жандандыру дәуірінде ұлттық болмысымызды сақтап қалудың ең сенімді жолы – отбасы тәрбиесін күшейту. Әрбір шаңырақта үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-анаға тағзым, туған жерге сүйіспеншілік доріктелсе, ұлттық рухымыз да асқақтай берсін. Сондықтан бүгінгі форум – тек пікір алмастан алаң емес, ұлттың ертеңіне деген ортақ жауапкершілікті айқындайтын маңызды басқосу, – деді Ғани Кенжеғарұлы.

Аудан әкімінің орынбасары форумның қасиетті Еңбек ауылында өтуінің өзіндік символдық мәні бар екенін де ерекше атап өтті.

– Еңбек ауылы – бірлігі жарасқан, берекесі тасыған, ұлттық құндылықтарға сақталған киелі мекен. Бұл ауыл – өнегелі отбасылармен, Батыр аналарымен, еңбек адамдарымен ғана емес, руханиятқа қосқан үлесімен де ерекшеленді. Осындай ауылда отбасы құндылықтары туралы келелі әңгіме өрбіту – баршамыз үшін үлкен мәртебе, – деді ол.

Шынында, Еңбек ауылы – атына заты сай мекен. Бұл ауыл – он сегіз перзентті дүниеге әкеліп, ұлтқа үлгі болған Батыр ана Фатима Нұрмағанбетованың алтын бесігі. Ел ішінде қоғамдық келісімнің үлгісін қалыптастырып, ішпіндік сатылмайтын ауыл ретінде көпшілікке танылған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, әдебиеттанушы-ғалым Мардан Байділдаевтың туған жері саналатын қасиетті топырақ бүгінде ұлттық тәрбиенің темірқазығына айналып отыр.

Бұл ауыл білім мен тәрбиені қатар ұлықтағанын жақында ғана ұлттық бірыңғай тәстілеуде 140 балл жинаған дарынды түлек Альфияның жетістігі тағы бір мәрте дәлелденді. Осындай өнегелі ауылда ұйымдастырылған облыстық форумның маңызы да ерекше болды. Форумға облыстық орталық мешіттің бірінші наубайымыз Жаскыбек Әбенов, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова, «Анаға тағзым» орталығының директоры Алтынай Молжанова, Қызылорда облысы әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қаламқас Каримова арнайы қатысты. Сонымен бірге аудан прокуратурасының прокуроры Әділжан Оразғали, аудандық полиция



бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов, аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Салдықов, аудандық ардагерлер кеңесінің, ақсақалдар кеңесінің, әйелдер кеңесінің, аналар кеңесінің мүшелері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен зиялы қауым форум жұмысына белсене атсалысты.

Форумда облыстық орталық мешіттің бірінші наубайымыз Жаскыбек Әбенов отбасы қоғамның рухани тірегі екенін ерекше атап өтті. Ол ислам дінінің отбасы құндылықтарына айрықша мән беретінін айтып, ата-ананы құрметтеу, ерлі-зайыптылардың өзара сыйластығы, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау мұсылмандықтың негізгі қағидасының бірі екенін кеңінен түсіндірді. Имам жастардың бойына имандылық пен ізгілікті сіңіруде ата-ананың жауапкершілігі ерекше екенін айтып, әрбір отбасы ең алдымен мейірім мен кешірімнің, сыйластық пен татулықтың ордасына айналуы қажеттігін жеткізді.

Мұнан кейін «Анаға тағзым» орталығының директоры Алтынай Молжанова отбасы институтын нығайту бағытында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы кеңінен баяндалды. Ол ұлттық тәрбиені дәріптеуде аналардың ролі қашанда ерекше екенін айтып, қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі, жас отбасыларды қолдау, ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Ана – отбасының ғана емес, ұлттың тәрбиешісі. Ана тәрбиесі мықты болған жерде ұлттың рухы әлсіремейді. Сондықтан ұлттық тәрбиені ұлықтау әрбір ананың жүрегінен басталуы керек, – деген мазмұнды ойымен көпшіліктің ықыласына бөленді.

Форумда облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова мен облыс әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қаламқас Каримова да басқосудың маңыздылығына тоқталып, отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың өзара сабақтастығы туралы ой бөлісті. Олар отбасы берекесін сақтау тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін айтып, мұндай форумдардың тәрбиелік маңызы жоғары екенін жеткізді.

Форумның күн тәртібінде көтерілген келесі маңызды мәселе отбасы тыныштығы мен бала құқығын қорғау болды. Бұл бағытта аудан прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының атқарған жұмыстары жан-жақты сараланып, қоғамдағы өзекті мәселелердің алдын алу жолдары кеңінен сөз болды.

Жалағаш аудандық прокуратурасының прокуроры Әділжан Оразғали кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау және олардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндап, балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарының сақталуы мемлекеттің ғана емес, ең алдымен ата-ананың жауапкершілігі екенін атап өтті. Ол жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп, ата-ана және құқық қорғау органдарының өзара байланысын күшейтудің маңызына тоқталып, құқықтық сауаттылықты арттыру уақыт талабы екенін жеткізді. Мұнан кейін қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға жан-жақты жауап беріліп, құқықтық мәдениетті қалыптастыру жөнінде нақты ұсыныстар айтылды.

Форумда Жалағаш аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов отбасындағы құқықтық мәдениет және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша баяндама жасап, отбасыдағы сыйластық пен өзара түсіністіктің қоғам тыныштығының басты кепілі екенін айтты. Ол тұрмыстық жанжалдардың алдын алу, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қолға алынған жұмыстарды баяндап, әрбір азаматты заңға құрметпен қарап, қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырды.



Форум аясында білім саласына қатысты өзекті мәселелер де кеңінен қозғалды. Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Талғат Салдықов мектеп пен отбасының өзара байланысы, ұлттық тәрбиені білім беру ұйымдарында жүйелі қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Ол ұлттық құндылықтарды дәріптеу тек тәрбие сағаттарымен шектелмейтінін, бұл бағыттағы жұмыстар ата-анамен бірлесіп жүргізілгенде ғана өз нәтижесін беретінін атап өтті. Сонымен қатар жас ұрпақтың бойына туған жерге сүйіспеншілік, мемлекеттік тілге құрмет, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге адалдық қасиеттерін қалыптастыру білім беру ұйымдарының басым бағытының бірі екенін жеткізді.

Форумда қатысушылар да өз пікірлерін ортаға салып, отбасы тәрбиесін күшейту, жастардың бойына ұлттық рухты сіңіру, ата-ананың жауапкершілігін арттыру, қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайту бағытында келелі ұсыныстарын білдірді. Айтылған әрбір пікір отбасы институтын нығайтуға бағытталған ортақ мақсаттың айқын көрінісі болды.

Форумның қорытынды бөлімінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, қоғамдық келісімді нығайтуға және өнегелі отбасы мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып жүрген азаматтар марапатталды. Бірінші болып 18 перзентті дүниеге әкеліп, ел аңасы атанған Батыр ана Фатима Нұрмағанбетоваға Қызылорда облысының «Құрметті ардагері» төсбелігі табысталды. Бұл бір ғана ананың емес, тұтас аналар қауымына көрсетілген құрметтің айқын белгісі еді. Ұлттың өсіп-өргендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ардақты ананың өнегелі ғұмыры форум қатысушылары тарапынан зор көшметке не болды.

Келесі кезекте ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жыл бойы абайройлы еңбек етіп, елдің құрметіне бөленген Мәлік Сүлейменовке «Жалағаш ауданының құрметті ардагері» төсбелігі табысталды. Саналы ғұмырын еңбекпен өрнектеген ардагерінің өнегелі өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі екені ерекше аталып өтті. Сонымен бірге аудан әкімінің алғыс хатымен Батыр ана Кеңескүл Жайсанбаева, Еңбек ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Қойшыбек Көзденбаев, Еңбек ауылдық округі аналар кеңесінің төрайымы Қуанышқұл Ерназарова марапатталды. Олардың әрқайсысы ауылдың қоғамдық өміріне белсене араласып, жас ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуге, ауылдың ауызбіршілігі мен қоғамдық келісімін нығайтуға сүбелі үлес қосып келді.

Форумда өнегелі әулеттерге де ерекше құрмет көрсетілді. Отау құрғандарына елу бес жыл толған

Ерболатовтар отбасы аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Отбасының отағасы Амандық Ерболатов – ауыл шаруашылығы саласының ардагері. Жұбайы Қайыркүл Ашимовамен бірге жеті перзент тәрбиелеп, оларды адал еңбекке, елге қызмет етуге баулыған өнегелі отбасы бүгінде ауыл жастарына үлгі болып отыр.

Сол сияқты елу бес жыл бойы бір шаңырақтың түтінін түзу ұшырып келе жатқан Досмағанбетовтер отбасы да көпшілік көшмесіне бөленді. Отбасы иесі Дастан Досмағанбетов ауыл шаруашылығы саласының ардагері болса, жары Гаухар Доскабылова ұзақ жыл кітапханашы болып еңбек етіп, ауылдың рухани өміріне сүбелі үлес қосты. Ұрпақ тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын өмірлік ұстанымына айналдырған бұл әулет те көпшілікке өнеге ретінде дәріптелді.

Форум соңында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов мазмұнды басқосуды қорытындылап, бүгінгі жиының негізгі мақсаты ұлттық құндылықтарды дәріптеу ғана емес, қоғамның барлық институттарын ортақ іске жұмылдыру екенін атап өтті.

– Ұлттық құндылық – ұлттың өткені ғана емес, келешегінің де кепілі. Бүгінгі форумда көтерілген мәселенің барлығы – ертеңгі ұрпақтың тағдырына қатысты маңызды тақырып. Отбасы институтын нығайту, бала тәрбиесіне қоғам болып жауапкершілікпен қарау, ата-баба аманатын көздің қарашындай сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Берекелі отбасы көбейсе, берекелі қоғам қалыптасады. Ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ өссе, еліміздің енесі әрдайым биік болады. Сондықтан бүгінгі форумда айтылған ұсыныстар нақты істермен жалғасып, әрбір шаңырақтың игілігіне қызмет етеді деп сенемін, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Рухани мазмұны терең бұл басқосу көпшілікке ұлттық тәрбиенің қадір-қасиетін тағы бір мәрте ұғындырды. Форумда айтылған әрбір ой, көтерілген әрбір мәселе мен ұсынылған әрбір бастама қоғамның рухани жаңғыруына, отбасы институтының нығаюына бағытталды.

Қазақ «аудан не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дейді. Демек, ұлттың ертеңі әр шаңырақтағы тәлім-тәрбиеге тікелей байланысты. Берік отбасы – берекелі қоғамның бастауы, ал ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие – Мәңгілік Елдің мәңгілік тұғыры. Осындай тағылымды форумдар елдің рухани дамуына серпін беріп, отбасы құндылықтарының қадірін арттыра беретіні сөзсіз.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

ЖАРЫЛҚАП АҚЫН ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Жарылқап Қосқұлақұлы 1860 жылы Жалағаш ауданы бұрынғы «Қостам» болысы, қазіргі Мақпалқол ауылында дүниеге келген. 1925 жылы Қармақшыда қайтыс болған. Ол өзіне Кердари Әббәсқұлы Боранқұлы мен Әзілқешті ұстаз тұтқан. Жасынан арабша ақын, дүр шайырдың бірі болыпты. Оның шығармалары хикая, дастан, толғау, терме, мақтау, сынау түрінде кезінде көпшілікке кеңінен таралған. Жарылқап жиын-той, мәжілістерге арнайы шақырылып жырлайтын, асқақ әнші домбырашы, көрнекті жырау екен.

Ол 1915-1916 жылдары орынборлық Молдабай ақынмен қағаз жүзінде айтысыпты деседі. Жарылқаптың 1912 жылы Сауранбай болысты атқанда шығарған толғауы (366 жол), «Қақпанға түскен киіктің хикаясы», «Қос байбаша» дастаны және Аппаз, Мырқы, Сұлтан билерге арнаған өлеңдері сақталған. Оның Іздібай дейтін бір досы ауылына шақырып, бұл барған кезде көрінбей сырттан қашып кетеді, алдаған досына ренжіп былай депті:

Бұл сәлем, Іздекеңе Жарылқаптан,
Таң атса тавар қосын түнде ылақпан.
Сыр білмей, сырттан мәз болып жүргенімде,
Ауылыма әрең жеттім аттап жаптан.
Ертеде болған екен ессіз бөрі,
Қошқардың үзілет деп артын баққан.
Бізге де сол қасқырдың келді кері,
Дегендей: «Сұқ дөмстер Сұнанактан».
Айтқаны ілгерінің рас болды,
«Епттеген екі асар» деп бір табактан.
Жар-досын жылшын сөзбен жылжытпалау
Безгенің белгісі екен ар-ұяттан.
Аңдамай, алдаушылық шарға түсіп,
Шырмалып шықтым зорға қат-қабаттан.
Аптадан артық зуре болғандығым,
Ол сірә оңайлықпен шықпас жадтан.
Ауылға арып-шаршап әрең жеттім,
Айтарлық сол болды олда біркін тапқан.
Сол жайлы арнап сәлем атыңызға,
Жолдап сөз, серлеттім сыр жағлайттан.
Ақмешітте, қазіргі Қызылорда қаласының маңында байлығы, билігімен айы шыққан Жарасбай немересі Сұлтанға және аты елге белгілі тұлғаларға да арнаған өлеңдері сақталуы.

Жоқ еді бұл шамада алмақ-бермек.
Жер екен кісі келер қажеті бар,
Алдында айдаған қой, жетекте нар.
Уайымдап айтып еді елдегілер,
Келерсің пұлсыз барсан, тартып азар.
Алдында құмыралы құймақ бар ма,
Шыққанын немесе деп салтан базар?
Бей жұмыс белді байлап шығып едім,
Ешкімнің айтқанына қылмай назар.

Базарын келіп көрдім Ақмешіттің
Айналып аз жұмысқа көп кешіктім.
Қала екен, халқы момын, қойдан жуас,
Ізінде әр бұқара бір кәсіптің
Әкімі оязной тұрғыпты әділ.
Мияасар кеңесіне кен есіктің.
Аманат падишадан алыпты ұлықсат
Қайғырып қамын ойлады түскен жүктің.
Тұрғызушы істі үлгіріп үстелдегі,
Шаһзада Елекеев деп есіттім (Ерімтөре Қасымов)!

Шығасыз шыныжыр қатар сұлтанымыз
Мекені мөлакадай қауаныптің.
Саудына сақтағушы жау мен жұттын.
«Ататек» «Қалу бала» халықты баққан,
Нақышта назары боп келе жатыр –
Дегілің ата жолын неге ұмытсын.
Үш жүздің жиналыпты қарі-жасы,
Белгілеп ашаланды бектің тасы.
Арбадан келіп патша түскен замат.
Қалады Көтібарды ықыласы.
Әммеден ілгерірек аман айтып,
Мақтанды сол арада мәртебесі.

Мунайғас, Ақберген мен мырза Аббас, болыс
Сауран,
Секілді секілді ерлер сайдың тасы.
Жүлделі Жүсіпбек те өнерге бай
Жасынан жарасып жүр дөрежесі.
Бір сәулет көрдім атын, – дейді Мүсілім,
Жем қакқан биік нардай дулығасы.



Өлшеусіз уа тәбарын кімді өрлеткен,
Төгіліп алтын құмға араласпайды.
Сынғанмен сыртындағы құмырасы.
Бөрінің басы қатар, сәулеті тоқ,
Білмейміз кімнің көп, аз разылығы.
Байлардың басқасын да естіміз,
Аға деп Аппаз, Мырқы дұниясын.
Өкелбай Кіші жүзде темірқазық.
Өткен соң кеміп еді орны азыл.
Шығанда бір-ау ішілетін жер болмаса,
Би қауіп су шықпайды құмнан қазып.
Мұрасын мырза Сұлтан түзетіпті.
Қалған бір орын еді ол құлазып.
Әр ердің ақыры сондай абаб болғай,
Не арман тойса жүрек жүрген сазып.

Алашқа Жарасбайдың байлығы асқан,
Шықпайсың еңбіріне етіп дастан.
Ғымырты Мәдинадан түзеп қажы,
Ғам үшін ақиреттің дүние шашқан.
Ол ерден қалған үмітте кейінгіге,
Кесім болып келе жатыр айнымастан.
Мырқы мен Аппаз, Әлім деді халық,
Жидырды қазынаны гауһар тастан.

Қанаға ұмыптастай ұшырады,
Қол созып бектігіне қарсыласын.

Аппаз биге

Арызым бұл Аппаз ағай, жазған сізге,
Мұғайып, мөрхаббаттың жүрмесім де.
Тарғиф зат пәнділі етпек нешік,
Қарамай қанып келбет көздемізге.
Ғаріптің көңіл тоғы, көз нұры үшін
Жаралдың қуат белге, медет тізге.
Жай атқан жасырынып мен бір түлкі
Қозса арқам, күшім жетеді Кіші жүзге.
Кемиді қазынаннан қанша нәрсе,
Менафас мақтандырып етсең бізге.
Жайынды бірде көріп, біліс болмай,
Асылған айып тұтпа ісімізге.
Ауылға ауырмай қайтып тұрмын,
Кісідей қоңылтасып қонған түзге.

Сұлтанға жазғаны

Сөз тында, мырза Сұлтан, тағы бізден,
Асылдың әулетіңіз оған жүзден.
Қуссаға қиын жерде қылып назар,

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, жазушы

Ауыл тынысы

ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ШАРУАСЫ ШИРАҚ

Өткен аптада әріптестерімен бірге ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігімен танысу үшін Темірбек Жүргенов ауылына арнайы атбасын бұрдық. Мақсат – еңселі елді мекеннің бүгінгі келбеті мен даму қарқынына, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу. Сапар барысында ең алдымен ауыл әкімі Мардан Тоғызбасевпен бірге ауылдағы мәдениет және спорт нысанын аралап, бүгінгі тынысына куә болдық. Сонымен қатар тұрғындарды толандыратын өзекті мәселенің бірі жол инфрақұрылымының қазіргі жай-күйін де назардан тыс қалдырмадық.

Бүгінде Мақпалкөл ауылдық округінде 300-ден астам отбасы, 1800-ге жуық тұрғын тату-тәтті өмір сүріп келеді. Қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің есімі берілген ауылда берекелі тірлік пен жүйелі жұмыс өз жалғасын табуда. Мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп отырған тұрғындардың негізгі кәсібі – егін және мал шаруашылығы. Еңбекпен есейген елдің тұрмыс-тіршілігі жыл өткен сайын жақсарып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті де артып келеді.



ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРМАҚ

Ауыл халқын толандырған маңызды мәселенің бірі – ауылшұлық көшелердің жай-күйі. Тұрғындар бұл мәселені аудан әкімінің халықпен есепті кездесуінде көтеріп, өз ұсыныстарын аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың назарына салған болатын. Соның нәтижесінде қазіргі таңда М.Нұрмұхамедов, Тоғанас батыр, Т.Жүргенов көшелеріне жоба-металық құжаттар дайындалуда. Ал Сәдір би, А.Қожахметұлы, Достық, Шотықов, және Құттыбасов көшелеріне күрделі жөндеу жүргізуге арналған жоба-металық құжаттар жыл аяғына дейін жасалынады. Егер жоба қаржылай қолдау тапса, ауылдың жол инфрақұрылымы едәуір жақсарып, тұрғындардың көптен бері көтеріп жүрген өзекті мәселесінің оң шешімін табуына мүмкіндік туады. Сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасы артып, ауылдың көркеюіне тын серпін бермек.

ШАРУАСЫ ШИРАҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ

Биыл ауылдағы 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен 10 шаруашылық 3 473 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын екен. Оның ішінде 1 787 гектарға күріш егіліп, 799 гектар ескі жоншықа күтімге алынған. Сондай-ақ 733 гектарға жаңа жоншықа, 28 гектарға жаздық бидай, 21 гектарға жүгері, 6 гектарға мақсары және 90 гектарға қант құмайы егілген.

Ауыл әкімінің айтуынша, соңғы жылдары елді мекенде ауыл шаруашылығының өрісі кеңейіп, дәстүрлі күрішпен қатар жаңа бағыттар да қарқын ала бастаған. Бұрын тек егін шаруашылығына ден қойған шаруашылықтар бүгінде бау-бақша өсіруді де кәсіп көзіне айналдырып, өнім түрін көбейтуге ден қоюда. Соның бірі – «Ер-Әлі» шаруашылығы.

2017 жылдан бері алма өсірумен айналысып келе жатқан ұжым аз уақыт ішінде бұл істің қыр-сырын меңгеріп, бүгінде «Құрманбай ата» брендімен танылған сапалы өнімдерін облыс орталығы мен өзге аудандардың сауда орындарына тұрақты жөнелтіп келеді. Бес гектар алқапқа жайқалған алма бағы бүгінде берекелі еңбектің жарқын жемісіне айналған. Өткен жылы мұнда 60-70 тонна алма жиналса, биыл бағбандар өнім көлемін 100 тоннаға жеткізуді мақсат етіп отыр.

Бақта тұтынушылар тарапынан жоғары сұранысқа ие «Ала», «Голден», «Симиренко» және «Фуджи» секілді әлемдік сұрыптар өсіріледі. Өрқайсысы өзіндік табиғи дәммен, сапасымен және ұзақ сақталуымен ерекше.



Шаруашылықта жеміс ағаштары толықтай тамшылатып суару жүйесі арқылы қоректендіріледі. Бұл тәсіл суды үнемдеп қана қоймай, әрбір көшетті қажетті мөлшерде ылғалмен қамтамасыз етіп, жемістің сапасы мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Көктем сайын ағаштарды бұтау, бірілеу, зиянкестерден қорғау және күтін-баптау жұмыстары уақытылы жүргізіледі. Осындай жүйелі еңбектің нәтижесінде алмабақ жыл сайын мол өнім беріп, өңірдегі бау-бақша шаруашылығын дамытуға өзіндік үлесін қосып келеді.

Айта кетейік, шаруашылықта ет бағытындағы 350 қаз өсірілуде. Бұдан бөлек жұмыртқа бағытындағы 250-ге жуық тауық бар. Күн сайын шамамен 150 жұмыртқа жиналып, жергілікті тұрғындардың сұранысына ұсынылады. Осылайша шаруашылық халықты табиғи әрі сапалы өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, кәсіп аясын кеңейтіп, ауыл экономикасының дамуына да өз үлесін қосып отыр.

КӘСІПКЕРЛІК ҚАРҚЫН АЛҒАН

Қазіргі таңда ауылда 11 шаруашылық, 85 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Оның 99 пайызы белсенді қызмет атқаруда. Бұрын егін және мал шаруашылығымен ғана шектелген кәсіп түрлері бүгінде сантүрлі бағытпен толығып, тұрғындар мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану арқылы жаңа жобаларды жүзеге асыруда.

Жалпы Темірбек Жүргенов ауылының тұрғындары ел игілігіне қажет кәсіп бастауда өте белсенді. Мемлекет тарапынан берілетін қолдауды ауыл тұрғындары құр жібергісі келмейді. Жыл сайын жаңа кәсіп ашып, тұрғындар ауылдың дамуына өз үлесін қосуда. Бүгінде ауылда шағын және орта бизнес қарқын алып, кәсіптің көкжиегі кеңейіп келеді. Соңғы жылдары мұнда халыққа қажетті қызмет көрсету орындары көбейіп, ауылдың тыныс-тіршілігі жандана түскен. Сөзімізге жергілікті кәсіпкер ашқан фаст-фуд орталығы дәлел. Бүгінде бұл игі үрдіс жалғасын тауып, ауыл орталығында заманауи жылжымай шаруашылығы жұмысын бастаған.

Жылжымайдың тыныс-тіршілігімен танысу үшін кәсіпкердің ауласына арнайы атбасын бұрдық. Мұндағы жайқалған әрбір түп өнім – тынымсыз еңбек пен маңдай тердің айқын жемісі. Жердің қадірін біліп, оны тиімді игерген жанның еңбегі еш кетпейтіні осы жерден-ақ байқалады.

Осыны жасы түсінген жергілікті тұрғын Жандос Ибраев «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиесі арқылы 3 млн 800

мың теңге қаржы алып, кәсібін кеңейткен. Қолына қаржы тиген бойда екі жылжымай тұрғызып, оның біріндегі 3 сотық жерге қызанақ, тағы дәл сондай аумаққа қияр еккен. Қазір мұнда қиярдың екі сұрпы мен қызанақтың бір сұрпы жайқалып тұр.

– Бұл іске кеше ғана келген жоқпын. Ауылдың баласы болған соң бала күнімізден егін және мал шаруашылығына бейім болып өстік. Жылжымай кәсібіне кіріспей тұрып-ақ жыл сайын аулаға қауын, асқабақ, қызанақ егіп жүрдім. Биыл барлық күш-жігерімді жылжымайға жұмсағандықтан, ашық жерге ештеңе екпеіді. Қазір аулама үш жылжымай бар. Оның бірін бірнеше жыл бұрын салып, алғашқы тәжірибемді бастағанмын. Наурыз айында көшеттерді үй жағдайында өсіріп, 30 күннен кейін жылжымайға көшіріп отырғыздым. Бүгінде сол еңбектің нәтижесін көріп отырмын. Қияр шамамен 65 күнде өнім береді, ал қызанақ 80-90 күнде пісіп жетіледі. Алғашқы кезде қиярдан күніне 20 келіден астам өнім алатынмын. Қазір күніне шамамен 10 келі өнім жинап, оны ауыл тұрғындарына ұсынып келемін, – дейді Жандос Ибраев.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ШӘКІРТАҚЫ АЛАДЫ

Ауылдық округте білім беру саласының дамуына ерекше көңіл бөлініп, жас ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына барлық жағдай жасалған. 1987 жылы пайдалануға берілген қосқабатты мектеп ғимаратында бірнеше буынға тәлім берген білікті педагогтар еңбек етіп, талай дарынды түлектің қанат қағуына көл ашқан. 1992 жылы білім ордасына ақын Әбдікәрім Оналбаевтың есімі берілсе, 2004 жылы мектеп ішіне ақынның ескерткіші орнатылған. Ал 2020 жылы мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, заманауи талаптарға сай жаңартылған. Бүгінде ақын есімін иеленген білім шаңырағы сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, ел болашағын тәрбиелеуге өзіндік үлесін қосып келеді.

2025-2026 оқу жылында мектепте 318 оқушы білім алған. Оның ішінде 30 оқушы бірінші сыныпқа қабылданса, 35 бүлдіршін мектепалды даярлық тобында тәрбиеленген. Оқу жылының соңында 18 түлек мектеп бітіріп, олардың 17-сі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Нәтижесінде түлектердің басым бөлігі 100-ден жоғары ұпай жинап, мектеп мерейін үстем еткен.

Шәкірт жетістігінің артында ұстаздың тынымсыз еңбегі мен кәсіби біліктілігі тұрады. Мектеп ұжымы тәжірибелі әрі білімді педагогтардан құралған. Бүгінде білім ордасында барлығы 64 мұғалім еңбек етеді. Оның ішінде 13-і – педагог-сарапшы, 23-і – педагог-модератор, 24-і – педагог-зерттеуші. Бұл ұстаздардың кәсіби деңгейінің жоғары екенін аңғартады. Ұстаздардың қажырлы еңбегі мен үздіксіз ізденісінің нәтижесінде мектеп оқушылары жыл сайын білім байгелерінде, пәндік олимпиадалар мен түрлі байқауларда жоғары жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Білімді ұрпақты қолдау ісіне ауыл кәсіпкерлері де белсенді үлес қосып келеді. Соның бірі – «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов. Ол жыл сайын ұздық оқушыларға арнайы шәкіртакы тағайындауды игі дәстүрге айналдырған. Мәселен, 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша 55 озақ оқушыға шәкіртакы табысталып, олардың білімге деген ынтасы мен жетістіктері лайықты бағаланған. Бұл үрдісті ауыл кәсіпкерлерінің өскелең ұрпақтың болашағына деген жанашырлығының жарқын көрінісі деп білеміз.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫН ШЫҢДАҒАН ШАҢЫРАҚ

Темірбек Жүргенов ауылында ұлттық спорт, оның ішінде қазақ күресі қарқынды дамып келеді. Қазіргі таңда Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасына қарасты №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің қазақ күресі бөлімінде жаттықтырушылар Ернар Кішкенбай мен Бекзат Андрейдің жетекшілігімен 80-ге жуық жас спортшы тұрақты түрде жаттығуда.

Иә, ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығы ерекше. Шағын ғана спорт залда шындалған жасөспірімдер бүгінде әлемдік ареналарда ел намысын абыроймен қорғап, көк Туымызды көкте келіретіп жүр. Соның айқын дәлелі – ауылдың мақтанышына айналған қазақ күресінен Әлем чемпионы, Азия чемпионаттарының бірнеше дүркін жүлдегері Руслан Теміржан. Туған жердің топырағында түлеп ұшқан саядақ спортшы өзінің табанды еңбегі мен қайсар мінезінің арқасында биік белестерді бағындырып, кейінгі

буынға үлгі болып келеді.

Жалпы ауылда спортты дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Мәдениет және спорт саласындағы үйірмелер мен секцияларға қатысатын жастардың қатары жыл сайын артып келеді. Тәжірибелі жаттықтырушылардың жетекшілігімен шәкірттер аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, ауыл абыройын асқартуда. Спортшылардың әрбір жеңісі – жүйелі жаттығудың, табанды еңбектің және ауылда бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жұмыстардың нақты жемісі. Бүгінде бұл ауылдан шыққан чемпиондар өскелең ұрпаққа жігер беріп, жас спортшылардың үлкен жеңістерге ұмтылуына жол көрсетіп келеді.

Айта кетейік, мықты спортшының Теміржан есімін иеленуінің де өзіндік мәні бар екен. Бұған дейін бізге берген сұхбатында ол нағашы атасы Темірхан өз кезегінде қарсылас шақ келтірмеген белді балуан болғанын айтқан болатын. Атасының жолын жалғап, ел намысын қорғайтын азамат болсын деген ізгі тілекпен ата-анасы ұлына Теміржан есімін берген. Бүгінде сол сенім ақталып келеді. Аядай ғана ауылдағы қарапайым спорт залынан түлеп ұшқан Теміржан жеткен жетістіктерімен шектелмей, туған ауылдағы жасөспірімдерді ұлттық спортқа баулып жүр. Әр жарыстан оралған сайын ол міндетті түрде ауылдағы үйірмеге арнайы барып, жас балуандармен тәжірибесін бөліседі. Қазақ күресінің қыр-сырын, жаңа әдіс-тәсілдерін үйретіп, кейінгі буынның шеберлігін шыңдауға өз үлесін қосуда. Оның бұл жанашырлығы ауыл спортының өркендеуіне серпін беріп, жас спортшылардың үлкен жеңістерге деген жігерін арттыруда.

– Жас балуандар соңғы жылдары аудандық, облыстық және республикалық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, ауыл мерейін үстем етіп келеді. Соның ішінде 2026 жылы Қызылорда облысында өткен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 80 келі салмақ

ашып келеді. Үйірмелерге қатысушылар ұлттық өнерді дәріптеп қана қоймай, түрлі мәдени іс-шаралар мен байқауларда ауылдың абыройын асқартатып жүр.

Өнер ұжымы мен үйірме қатысушылары аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларда өз өнерлерін лайықты деңгейде көрсетіп, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Жыл басынан бері аудандық деңгейде өткен бес байқауда 1 бас жүлде, 2 диплом және 1 алғыс хатқа ие болды. Ал облыстық байқауларда 2 бас жүлде мен III орын жеңіп алды. Бұдан бөлек республикалық байқауда бақ сынаған бір өнерпаз бас жүлдені қанжығасына байлады. Сондай-ақ халықаралық байқауға қатысқан «Нұр» би тобы ұздық үштігінің қатарынан көрініп, ауыл өнерінің абыройын асқартты. Бұл – мәдениет саласы мамандарының тынымсыз еңбегі мен ауыл жастарының шығармашылық ізденісінің жемісі. Осындай жетістіктердің арқасында Темірбек Жүргенов ауылының мерейі өсіп, рухани-мәдени келбеті жылдан-жылға кемелдене түсуде.

ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Ауыл әкімі алдағы уақытта елді мекеннің инфрақұрылымын одан әрі дамытуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды жобаны жүзеге асыру көзделіп отырғанын айтты. Соның ішінде мәдениет саласын дамыту мақсатында ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Бұл бастамалар ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындар үшін жайлы әрі қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Темірбек Жүргенов ауылына жасаған сапарымыздан түйгеніміз, мұнда еңбек пен береке қатар өрілген. Тұрғындары адал еңбекті серік етіп,



дәрежесінде сынға түскен Шыныбек Досбол қола жүлдені жеңіп алды. Сонымен қатар Марсбек Мансур, Қондыбек Нұртөре, Қондыбек Сабыржан, Тайшабай Ұлжалас және Күмісбай Нұрдана сынды жас спортшылар аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі айтулы турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанып жүр, – дейді жаттықтырушы Ернар Кішкенбай.

Бүгінде жас балуандар чемпионның ізін жалғап, биік белестерді бағындыруға талпынып келеді. Ұдайы жүргізіліп жатқан жүйелі жаттығулар мен бапкерлердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде олардың алдағы уақытта да ел намысын абыроймен қорғайтынына сенім мол.

ӨНЕР МЕН ӨНЕНЕГІН ОРДАСЫ

Ауылдың рухани тынысын жандандырып, мәдени өміріне серпін беріп отырған киелі орынының бірі – Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі. 1993 жылы пайдалануға берілген мәдениет ошағы бүгінде ауыл тұрғындарының басын қосатын, өнер мен ұлттық құндылықтарды дәріптейтін маңызды орталыққа айналған.

Бүгінде мәдениет үйінде төрт үйірме тұрақты жұмыс істейді. Атап айтқанда, ән, би, көркемсөз және домбыра үйірмелері ауыл өнерпаздарының басын қосып, олардың шығармашылық қабілетін шыңдауға жол

туған жердің өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Ауылда атқарылған жұмыстар аз емес, ал алдағы жоспарлар одан да ауқымды. Жаңарған инфрақұрылым, дамып келе жатқан кәсіпкерлік, мәдениет пен спорт саласындағы өз өзгерістер, мұның бәрі елді мекеннің жарқын болашағына деген сенімді нығайта түседі. Бірілгі бекем, тірлігі тынақты ауылдың келешегінен күтер үміт те, сенім де мол.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

**Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ**

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

**Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат

комитетіне 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті

жүйесі” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2871 Тапсырыс №1315

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ